# НҰРА

№31 (5062)
СЕНБІ,
2 тамыз
2008 жыл

*Газет 1963 жылдың 1-ші мамырынан бастап шығады*

*Аудандық қоғамдық саяси газеті*


*Президент Жолдауымен*

## Мақсат - халыққа қызмет ету

**Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесін үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, нәтижелілік, ашықтық және қоғам алдындағы есептілік негізінде дамыту жөніндегі шараларды жедел қарқынмен іске асыру қажет. Басты мақсат - басқарушы аппарат жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру. Яғни, халыққа қызмет ету.**
Президент Жолдауынан.

Аудан әкімдігінде аудан әкімі С.Шайдаровтың төрағалық етуімен аудан әкімінің аппараттық жиыны өтіп, онда төмендегі мәселелер қаралды:
1.Аудан әкімінің тұрғындар алдында есеп беру барысында түскен ұсыныстар мен пікірлердің орындалу барысы жайында. 2. Ауданның 80 жылдық мерейтойына әзірлік барысы жайында.
3. Ауданның даму бағдарламаларының орындалу барысы және жылыту маусымына әзірлік
Бірінші мәселе бойынша аудан әкімі аппаратының бас маманы Е.Шорабеков баяндады. Аудан әкімінің тұрғындармен кездесу барысында аудан тұрғындарынан 60 ұсыныс түскен, ол ұсыныстар мен өтініштерде көрсетілген жағдайлары орындау үшін аудан әкімі орынбасарлары мен бөлім басшыларынан жұмыс тобы құрылған. Негізгі 15 өтініш аудандық газетте жарияланып, олар бойынша нақты іс шаралар әзірленіп, олардың орындалуы бақылауға алынған. Халықтың көтерген мәселелері көбінесе жол, телефон байланысы, сумен қамтылуға байланысты болды. Атап айтсақ, «Ауыз су» бағдарламасы бойынша биылғы жылы Ахметауылында су құбырлары салынды, Жараспай, Құланөтпес ауылдарындағы су құбырлары жүргізілуде, Киевка, Пржевальское, Майоровка ауылдарындағы су құбырлары қалпына келтірілуде.
«Қарағанды облысының автомобиль жолдарын 2006-2012 жылдарда дамыту» аймақтық бағдарламасы бойынша ауданда Киевка-Изенді, Киевка-Пржевальское бағыттындағы жолдарды жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Телефон байланысын жақсартуда едәуір жұмыстар атқарылған. Шахтерское, Майоровка ауылдарындағы станциялар сандық жүйеге ешірілген. Қазіргі кезеңде осындай жұмыс Байтуған ауылында жүргізілуде.
Қалған 45 өтініш ішкі бақылауға алынған. Оның ішінде 6 өтініш әлеуметтік бағдарламалар бөліміне қатысты, барлығы оң шешілген. 7 өтініш медицина саласына байланысты, оның 5-і шешімін тапқан, ал 2-і орындалу үстінде. Атап айтсақ, Майоровка ауылындағы дәрігкерлік отбасылық амбулаторияның жылыту жүйесін жөндеу, бұл мәселе бойынша мердігер анықталып, олармен келісім шарт жасалған, қаражат бөлінген. Екінші мәселе Баршын ауылына тіс дәрігерін жіберу, ол мәселенің шешімі тамыз айына қалдырылған. Тамыз айында тіс дәрігері іс сапармен Баршын ауылына жіберіледі.
Сондай –ақ мал еліктері қорымын салу және күл қоқыс қалдықтарын сақтайтын орын салу мәселесі көтерілген, ол өтініштерді орындау бағытында да біршама жұмыстар атқарылғанымен, бірақ әлі шешімін таппаған.
Бұл мәселені қорытындылай келе аукдан әкімі С.Шайдаров, өзінің орынбасарларына бұл езекті тақырыптың күн тәртібінен түспейтіндігіне баса назар аудара отырып, аудан әкімінің есеп беру барысында түскен арыз, өтініштердің бірде бірінің назардан тыс қалмауына, олардың орындалуынан тұрғындарды жан жақты хабардар етіп тұруды және барлық тапсырмалардың сапалы, мезгілімен орындалуына, оларға үкіметтің жүргізіп отырған саясатын жеткізу бағытында түсінік жұмысының аясын кеңейту, бұл жұмыста ақаулықтар жібермей, әр өтінішке жан жақты терең қарау, сонымен қатар осы мәселе бойынша ауыл, кент әкімдері халықпен жүздесіп, оларды ауданда жасалып жатқан жұмыстармен хабардар етуге бағытталған жұмыстарды жүзеге асыруды тапсырды.
Жиынды қорытындылай келе аудан басшысы барлық, ұйым, мекеме басшыларына алдағы жылыту маусымына әзірлікті қамтамасыз етуде жауапкершілікті күшейтуді және ауданның даму бағдарламаларының толығымен орындалуын қамтамасыз етуді қатаң тапсырды.

*Аудан әкімінің сапарынан*

## Бірлік бар жерде тірлік бар

Сәрсенбі күні аудан әкімі қызметтік сапармен Майоровка ауылында болып қайтты.Майоровка ауылында ең алдымен аудан басшысы ауыл клубына ат басын тіреді. Бұл клуб он екі жылдан бері қаңырап бос, иесіз, тоз-тозы шығып, құр қабырғалары ғана қалған ғимарат еді. Биылғы жылы аудан әкімі С.Шайдаровтың жеке кірісуімен мәдениет саласына ерекше ден қойылып отыр, аудандық бюджеттен бөлінген қаражатқа күрделі жөндеу жұмыстары басталған болатын. Аудан әкімі осы жұмысты орындаушылармен жүздесіп, жөндеу жұмыстарының жүргізілуімен егжей-тегжей танысты. Құрылысшылар ғимараттың төбесін қайта ашып жапқан, қабырғаларын гипсокартонмен қаптаған,есік, терезелері түгелдей жаңартылып, төбеге армстронг орнатылып, еденге лиолеум теселетін болады және де жылыту жүйесі жаңадан жүргізілмек, яғни ауыл клубы ендігі кезеңде тұрғындарға жаңа әлпетте қызмет



көрсетпек. Иә, ауылдықтар бұл қуанышты жағдайды көптен күтіп, тіпті клуб қалпына келеді дегеннен үміттерін үзгендей болып еді. Енді, міне аудан әкімінің тұрғындармен кездесу барысында айтылған бұл ұсыныс жерде қалмай, нақты іске айналды. Астана қаласынан осы құрылысты жеңіп алған мердігер (тіпті жұмысты көп деп ешбір мердігер қатыспай қойған) «Изумруд –НС» ЖШС-і , басшысы Досанов М. жұмысқа білек сыбана кірiскен екен. Құрылыс материалдары толығымен жеткізілген, жұмыс күші де жеткілікті.
Бұдан соң аудан әкімі С.Шайдаров «Нұр астық» ЖШС-ның басшысы, аудандық Мәслихат депутаты А.Темірбаевпен егіс алқабында болды. Шаруашылық басшысы аудан әкімін ауыл шаруашылығында жүргізіліп жатқан агротехникалық шаралармен толық таныстырды. Кейінгі үш жылда жер мәдениетін жақсарту, минералдық тыңайтқыштар қолдану, техникалық паркты жаңарту, егіс алқабын ұлғайту, жаңа технологияларды қолдануға енгізу сияқты оң езгерістер, ауыз толтырып айтатын жетістіктер аз емес екен. Биылғы жылдың егіні де жақсы шыққан. Сондай-ақ халықты жем -шөппен, отын -сумен қамту мәселелері де оң шешілген. Аудан әкімі шаруашылық басшысына қол жеткізген табыстары, халыққа жасаған қамқорлығы үшін ризалығын білдірді.
Ауыл әкімі Т.Оспановпен әңгімелесу барысында ауыл тұрғындарының жағдайы, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы кеңінен талқыланды. Аудан басшысы ауыл әкіміне ауылдың тазалығына баса назар аударуды, оған барлық ауыл тұрғындарын жұмылдыра отырып, шаруашылықтың және «Қаратал» КММ-нің көмегімен бірте бірте қол жеткізу керектігін баса айтты.
Сонымен қатар аудан басшысы С.Шайдаров ауылдағы мектептің жылыту маусымына және жаңа оқу жылына әзірлігімен, ағымдағы жөндеу жұмыстарының жүргізілу деңгейімен танысты.
Барар жолда С.Шайдаров Пржевальское ауылының су құбырларына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен танысып, ол жұмыстарды атқарушы мердігермен жақын арада кездесуді жоспарлады.

**Бикен АХМЕТОВА**

*Ауданның мерейтойы қарсаңында*

## Мерейтойға әзірлік қарқынды

**Арқаның төсіндегі нұрлы Нұраның 80 жылдық мерейтойына да санаулы күндер қалды. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» демекші, аудан тарихындағы айтулы оқиға ретінде қалатын бұл тойға деген дайындық қазіргі уақытта өзінің шырқау шегіне жеткен. Біз осы мәселе төңірегінде қалың жұртты құлақтандыру мақсатында Киевка кентінің әкімі Байдолла Қараулы Шайжановпен жүздесіп, мерейтойға әзірлік жөнінде мән – жайды білген болатынбыз.**

Аудан орталығы болғандықтан Киевка кентінде мерейтойға әзірлік қарқынды жүруде. Аудан әкімі Серік Жамақұлұлының қолдауымен қаржы бөлініп, ең алдымен көп жылдан бері тозығы жетіп тұрған әлеуметтік нысандар күрделі жөндеуге ілікті. Атап айтсақ: ең алдымен ауызға ілігетіні қабырғасы ғана қалған, әрбір тұрғын зәру,ділгір болған монша үйі болатын, одан соң тозығы жеткен аудандық Мәдениет үйі, балалар бақшасы, заман талабына сай келмейтін Орталық стадион, №3 орта мектеп, Орталық саябақ, кеше жолдары мен тротуарлар.

Өздеріңіз байқағандай Орталық саябақта қайта құру жұмыстары қарқынды жүргізілуде, ескі ағаштар алынып, олардың орнына үш су бұрқақ орнатылып, жасанды шөппен қапталған спорт алаңы, күрес алаңы, би алаңы салын.ып, ашық сахна қойылады. Саябақ ішінде электр торшерлері қойылады, гүлзарлар егіліп, 300 шаршы метр жерге брусчатка салынады. Ал енді ондағы тұрған мемориал жаңартылып, жаңа материалдармен қапталып, бүгінгі заман талабына сай әлпет пен мағынаға ие болмақ.

Ал енді орталық алаңда, яғни Мәдениет үйінің алдына, 2000 гүл егіледі де, Ұлы Отан соғысында қаза болған боздақтарға қызыл граниттен ескерткіш қойылады оның артында субұрқақ, маңайы тегіс керамогранитпен теселеді.

Аудан орталығына кіре берісте биіктігі 16 метр стела орнатылады. Оның жан жағындағы жері кетеріліп гүлдер отырғызылуда.

Биылғы жылы кент жолдарын жөндеуге аудандық бюджеттен 25 млн теңге бөлінген, жөндеу жұмыстары жүргізілуде, кешелерді сәулеттендіруге және жарықтандыруға 5 млн теңге бөлінді, қазір Мыңбаев атындағы, Тәуелсіздік кешелерінің бойына 260 кеше шамдары қойылып, диодты жарықтандыру аркалары жүргізілуде, страбоскоптар, кешелердің жарықтандырылған паспорттары қойылды.

Жалпы кент бойынша осы мерейтойға байланысты бранмауерлер мен лайтбокстар, банерлер, билбордтар, кеше аттары берілген тарихи тұлғалардың бейнесі салынған жарықтандырылған пилондар ілінді.

Кентті санитарлық тазалау мен көркейтуде де қомақты істер атқарылды. «Қаратал» КММ- нің күшімен бірнеше жылдан жатқан 14 күл-қоқыс үйінділері, жалпы көлемі 30 мың тонна тұрмыстық қалдықтар шығарылды. Бұл маңызды жұмысқа ауданда жұмыс істеп жатқан мердігерлер де ат салысты. Атап айтсақ, «Нұрай строй» ЖШС-гі, ЛТД Дорстрой, «Сейсер»ЖШС-тері, "Рыженков" ЖК-ны.

«Ең сәулетті аула», «Ең көркем үй», «Ең таза кеше» конкурстары жарияланып, қорытындылары шығарылуда. Кешелер абаттандырылып, 800 шаршы метр жерге брусчатка салынды. Кент бойынша 4 балалар алаңы ашылды.

**Туған топырақ, өсіп-өнген ауыл дегенде перзенттік сезімін жайып салмайтын адам жоқ. Ата –бабасынан, тегінен, арғы-бергісінен көз жазбайтын бір халық болса – ол қазақ. Туған жеріне кіндігімен байланған, қайда жүрсе де ауылын аңсап жүреді. Тауын да, тасын да, жусанның иісін де, талын да, терегін де сағынады. Әніне арқау етеді, жырына өзек етеді, көк шалғында аунағысы, суына шомылғысы келіп тұратыны тағы бар.**

"Қуантып мекендеген бүкіл халқын, толып тұр нұрлы Нұра 80 жасқа" деп ақын жырлағандай, ел болып алтын бесік – Нұрамыздың осы 80 жылдық мерейтойын жоғары дәрежеде өткізу үшін бірігіп күш жұмылдырайық ағайын! Жан жақтан келген жерлестерімізді, сыйлы қонақтарымызды ұялмай, абыройымен қарсы алайық! Бұл - әрбір нұралық үшін үлкен сын, әрі асқан жауапкершілік. Осы сыннан сүрінбей ету, туған топырағымыздың намысын қорғау - Сіз бен біздің қолымызды!




### Құрметті жерлестер!

Ауданымыздың мерейтойына дейін санаулы күндер қалды. Осы қалған уақытта бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірауыздылық танытып, нұрлы Нұрамыздың абыройын асқақтататын еселі еңбекпен, игілікті істермен,туған өлкеміздің айтулы мерекесін жоғары деңгейде өткізуге ат салысып, қолымыздан келгенді жасайық, ағайын!

### Уважаемые нуринцы!

Считанные дни разделяют нас от юбилея района. Мы призываем всех нуринцев обьединиться и принять активное участие в подготовке к юбилею района, каждому жителю района внести свою лепту в это важное общенародное дело.Пусть не останется среди нас равнодушных к его делам и заботам: здесь мы живем, здесь завтра жить нашим детям и внукам! Достойно встретить юбилей района - это честь каждого нуринца!

# ИНФОРМАЦИЯ

## о ходе выполнения предложений поступивших в ходе отчетной встречи акима района в 2008 году.

В целях реализации Указа Главы государства с 10 января по 1 февраля 2008 года Прошли отчетные встречи акима района Шайдарова Серик Жаманкуловича с населением во всех населенных пунктах района. В них приняло участие 4337 жителей , выступили 160 жителей. Поступило 44 предложения положительного характера, где население отмечает позитивные перемены происходящие в республике благодаря политике Главы государства, целенаправленной работе исполнительных органов области и района.

В ходе отчетной встречи поступило 60 обращений от населения, Для анализа поступивших предложений была создана рабочая группа в составе заместителей акима района и руководителей отделов акима района.

По основным 15 предложениям требующим соответствующих решений и сроков рассмотрения разработаны и утверждены конкретные мероприятия и их исполнение взято на контроль. С целью информированности населения мероприятия были опубликованы в районной газете «Нура».

Исполнение данных мероприятии ежемесячно до 10 числа рассматривается акимом района. В число основных предложений как наиболее актуальные были включены вопросы водообеспечения, качества связи, ремонта и строительства дорог. На сегодня наступил срок исполнения 6 обращений, которые были своевременно исполнены

-это о выделении средств с одаренными детьми по обращению жителя села К.Мынбаева Алпысбаевой Г.К. Спонсорские средства выделены.

- о ремонте опасного участка дороги Жанбобек - Баршино по обращению жителя села Жанбобек Шавалиева Х. Ремонт произведен.

- о ретрансляции телепрограммы «Хабар» и «Еларна» по обращению жителя села Щербакоское Исмагамамбетова А.Т. Включен в программу «Ауыл - 2004-2010» АО «Казтелерадио» (согласно внесенного предложения от 13.02.08 года №2-6/98).

- об установке АТС по обращению жителя села Соналы, телефонизация с использованием оборудования спутниковых систем связи планируется в 2009 году (согласно внесенного предложения в Карагандинское ОДТ)

-об открытии ПТШ и строительства интерната в поселке Киевка, внесены предложения в областные органы.

Своевременному исполнению обращений способствуют еженедельные поручения акима района данные руководителям исполнительных органов на аппаратных совещаниях и заседаниях рабочих комиссии, которые дают возможность исполнению последовательного решения вопросов по реализации региональной программы «Питьевая вода». Так в текущем году построена водопроводная сеть в селе Ахметауылы. Ведется строительство водопроводных сетей в селах Жараспай, Куланотпес. Реконструируются водопроводные сети в поселке Киевка, селах Пржевальское, Майоровка.

Определенная работа проводится по улучшению качества связи в районе. В текущем году произведена замена старой аналоговой станции на цифровую в селах Шахтерское, Майоровка. В данное время ведутся работы по замене аналоговой станции на цифровую в селе Байтуган.

В соответствии с региональной программой «Развитие автомобильных дорог Карагандинской области на 2006-2012 годы» в районе продолжается работа по ремонту дорог.

Остальные 45 обращений были взяты на внутренний контроль. В настоящее время исполнено 35 обращений, находятся на контроле 10. 6 - обращений касались вопросов отдела образования, из них 4 исполнено, 2 на контроле; 7 - обращений касались вопросов районного медицинского объединения, из них 5 исполнено, 2 на контроле;

Согласно графика выезд стоматолога в село Баршино запланирован на август 2008 года для профилактического осмотра и санации детского населения.

Текущий ремонт отопительной системы здания СВА села Майоровка запланирован на 3 квартал текущего года за счет средств заложенных в смету расходов на 2008 год, уже составлен договор с поставщиком, приобретен котел.

6 - обращений касались вопросов отдела занятости и социальных программ, все 6 исполнены.

II - обращений касались вопросов акимов сел, из них 8 исполнено-5, на контроле 3.

- по строительству скотомогильника - разработано ТЭО, также подана заявка в отдел финансов на изготовление ПСД, по вопросу свалки в феврале 2008 года составлен договор с проектной организацией на изготовление акта отвода земли.

-по договору с КГП «Каратал» вывезено с подворьев 1200 тн. ТБО,по договору с главами к/х вывезено за счет земельных паев и наличный расчет 300 тн. ТБО, также согласно договора с ТОО «Нур-Астык-2005» подлежит вывозу 1500 тонн мусора с несанкционированной свалки.

1 - обращение касалось вопроса отдела спорта.

-О выделении единицы спортинструктора.

До 1 сентября будет открыт филиал ДЮСШ с выделением единицы спортинструктора в селе Жараспай.

**Отдел организационно-инспекторской работы аппарата акима района**

*К сведению населения*

## В закон внесены изменения

Законом РК от 4 июля 2008 года № 36-IV внесены изменения в Закон Республики Казахстан от 6 декабря 2007 года «О республиканском бюджете на 2008 год» (Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2007 г, № 23, ст. 177): (извлечение)

Статью 89 дополнить абзацами следующего содержания:

«Установить с 1 июля 2008 года:

1) минимальный размер заработной платы – 12 025 тенге;
2) размер государственной базовой пенсионной выплаты – 4810 тенге;
3) величину прожиточного минимума для исчисления размеров базовых социальных выплат – 12 025 тенге;
4) выплату ежемесячной компенсации за первое полугодие 2008 года в следующих размерах: получателям государственной базовой пенсионной выплаты – 600 тенге;

*Вниманию населения*

### Общими усилиями наведем порядок

По поручению акима района С.Шайдарова, **9 августа 2008 года будет организован экологический десант,** с участием районной организации НДП «Нур Отан», молодежного крыла «Жас Отан», трудовых коллективов, а так же КГП»Каратал», по очистке берегов реки от мусора.

**За очень короткий срок только в поселке Киевка ликвидировано 14 несанкционированных свалок, вывезено годами лежавшего на наших улицах тысячи тонн мусора, облагораживаются улицы и тротуары.**

**Уважаемые жители поселка!**

**Мы призываем всех вас поддержать инициативу акима района и принять активное участие в этой важной акции в преддверии юбилея района!**

*Военно-патриотическое воспитание*

## Отдельный наш десантный батальон

В целях реализации Народной платформы и программы НДП «Нур Отан» Указа Президента РК «О государственной программе патриотического воспитания граждан Казахстана на 2006-2008 гг.», Стратегии действий МК «Жас Отан» на 2008-2011 гг., а также в целях повышения имиджа Вооруженных Сил РК, в г.Астане 2 августа 2008 г. НДП «Нур Отан» проводит торжественный митинг, посвященный чествованию воинов -десантников. В рамках проведения данного мероприятия в целях военно-патриотического воспитания молодежи состоялась встреча с бывшими воинами – десантником Абильдиновым Е.А. и Бычковым П.- воином афганцем.

Сегодняшний успешный предприниматель Бычков Павел вспоминал, как он вместе с братом Иваном еще в учебной части проходил снайперскую школу, готовясь к настоящей войне. Оба попали служить в разведроту 170-го полка в Кабуле, участвовали во всех боевых действиях, засадах и прочесывании кишлаков, где вылавливали и уничтожали «духов».

Одна из таких операций на перевале Саланг, спустя полтора года службы оказалась для одного из братьев роковой. Уже на последней горе трое из разведчиков подорвались на минах. Иван был ранен в руку и пятку одной ноги, вторую ногу оторвало по колено. Но он не сломился и нес этот крест до конца своих дней, уйдя из жизни в прошлом году от болезни, ставшей страшным отголоском той проклятой войны в мирное для всех нас время.

Место подвигу есть всегда: на войне или в других военных действиях по защите Отечества в мирное время. Безупречное служение народу, верность воинской присяге – это тоже своего рода подвиг. Служение Родине, патриотизм, долг, самопожертвование для воинов-интернационалистов не устаревшие термины, а святыни, за которые они умирали.

Воины – десантники – это солдаты, которые безупречно исполняли свой долг перед Отечеством, гибли и страдали от моральных и физических увечий, до сих пор переживают те страшные воспоминания. В районе проживают 37 воинов афганцев-десантников, некоторые погибли на чужбине. Бесспорно одно - долг свой они, как десантники, исполнили сполна и чувства патриотические привиты были у них с раннего детства.

Для них характерны: беззаветное служение Родине, любовь к Отечеству, умение ценить жизнь. Эти бесценные качества передаются от поколения молодых воинов, исправно исполнявших свой гражданский долг, в поколение. Как живая история, они останутся в памяти нашей молодежи.

**Д.Баянов, первый заместитель председателя РФ НДП «Нур Отан»**

*Продовольственная безопасность страны*

## Ахметаульский «экономический локомотив»

«Цены на сельскохозяйственную продукцию растут, и в целом эта отрасль становится очень выгодной, сюда можно вкладывать деньги.
Уверен, село ответит ударным трудом и высок отдачей».
(Н.А.Назарбаев, Послание 2008 года)

Еще три года назад этот небольшой участок земли в 150 гектар на угодьях ахметаульского сельского акимата считался брошенными бесхозными землями, сплошь заросшими сорняками и давно не знавших никаких обработок. А ведь когда-то на орошаемых просторах Энтузиаста бурной зеленью росли огороды. Может быть, именно это и послужило для простого сельского механизатора Нуржана Когабаева при выборе участка для выращивания овощей.

Восемь лет после школы Нуржан проработал в одной из бригад ТОО «Жартас» родного



Акмешит. Желание заняться чем-то своим возникало не раз и с каждым днем крепло все больше. Все чаще задумываясь о перспективах. он понял, что именно овощи на сегодняшний день будут пользоваться повышенным спросом и особенно в городе. Объехав район, остановился на этом участке в селе Ахметаул, который после проведения определенных процедур и получил в собственное пользование. Обработав участок, взялся за его возделывание на современном уровне, используя всевозможные гербициды, протравители, новейшую технику и т.д.

Вырученные деньги с первого урожая уже в первый год позволили приобрести картофелеуборочный комбайн, работать на котором одно удовольствие: мало того, что высвобождается труд людей, так еще и очень качественно производится сама уборка овощей. Надо сказать, что большая часть техники крестьянского хозяйства приобретена на собственные деньги, полученные от урожаев. Но и от помощи государства он тоже не отказывается, тем более, что сельчане имеют более выгодный вариант кредитов, используя лизинг. Так, именно по лизингу через «Казагрофинанс» в прошлом году было приобретено вентиляционное оборудование на сумму 14 миллионов тенге для специально оборудованного овощехранилища на 750 тонн овощей, которое уже установлено. В этом году купили оборудование для загрузки картофеля, используя кредит «Аграрно-кредитной корпорации» на сумму более 13 миллионов тенге. Кроме того, 6 миллионов кредитных средств оформлено через «Продкорпорацию».

Всего же в крестьянском хозяйстве 9 единиц техники, среди которой гордостью является единственный в районе картофелеуборочный комбайн фирмы «Grimme», новый трактор Беларусского завода на 130 лошадиных сил, три трактора МТЗ-80, один – МТЗ-82, два – ДТ, по одному Т-16 и Т-4, а также: сажалка, гребнеобразователь для окучивания, ботвоудалитель (чтоб все минералы пошли в клубни), и доминатор, подготавливающий землю с осени.

Все 150 гектар по хозяйски огорожены. На отдельном участке расположены теплицы, где выращивается ранняя рассада. 50 гектар занимает картофель, чуть меньше – капуста, почти на 40-а гектарах растут огурцы, помидоры, морковь и свекла. Отдельным клином цветет элитный сорт картофеля, который будет использован на будущий год, как семенной материал. Здесь же на 200 га колосится ячмень для собственного подсобного хозяйства.

Близлежащая Астана уже попробовала хрустящих нуринских огурчиков, которых реализовано в столицу более 10 тонн. Сегодня на рынки областного центра Караганды пошла ранняя капуста, которую крестьяне сдают по договору за 12 тенге один килограмм. А это намного ниже рыночных цен.

В прошлом году крестьянское хозяйство по договору поставляло овощи для районной больницы, неоднократно вывозило свою продукцию на ярмарку «Ауыл береке» в г. Темиртау, постоянно помогают школе, оказывают благотворительную помощь малообеспеченным семьям села Ахметаул.

Ко всему прочему, они предоставляют и немало рабочих мест своим землякам. Так, если в хозяйстве 7 основных работников, зарабатывающих по 30 тысяч в месяц, плюс премиальные и бесплатные овощи, уголь и сено, то минимум 20 человек из домохозяек и школьников получают возможность работать сезонно, зарабатывая при этом до 15 тысяч тенге в месяц. На одной только прополке в жаркую погоду каждый получает до 700 тенге в день.

Всего же КХ «Когабаев» имеет годовой оборот 400 миллионов тенге, где в семейном подряде трудятся два родных брата – Нуржан и Тулен, а также сестра Айгуль, приехавшая два года назад из Жанарки, возглавлявшая сегодня бригаду женщин и подростков. У каждого из них свой дом, семья, общий бизнес и цель, к которой они идут достаточно уверенно. Всего же у мамы, проживающей вместе с Нуржаном пятеро детей, один из которых остался в селе Акмешит преподавать в школе, а дочь неплохо устроилась в городе. Сегодня она смело может гордиться теми, кто посвятил свою жизнь земле, корнями прорастая в ней. И не важно, какое ты получил образование, важно – кем ты стал. Можно иметь семь пядей во лбу и долгие годы бесперспективно просидеть на одном месте. А можно не иметь никакого образования, как Нуржан, но полностью посвятить себя дальнейшему процветанию не только домашнего бюджета, но и приносить пользу своей стране.

Говорят, опыт приходит с годами. И это верно. Свой опыт Нуржан накапливает сам, очень много читая об агротехнике и посещая большие хозяйства области, где по месяцу учится, стажируется, обменивается опытом с бывалыми растениеводами. Не пропускает практически ни одной крупной выставки сельхозпроизводителей, присматривая новую технику. Он неплохо разбирается в севооборотах и старается выращивать долгохранящиеся сорта. А помогает ему в этом Тулен, который работает у него и управляющим, и снабженцем, и реализатором, одним словом, больше по части бизнеса. Именно он находит лучшие фирмы, отбирает лучшие семена, чтобы в итоге получить отличную продукцию и благодарность покупателя.

Оценив труд сельчан, в прошлом году крестьянское хозяйство «Когабаев» ко Дню работников сельского хозяйства было награждено Грамотой акима области, а по Нуринскому району Нуржан отмечен, как «Лучший фермер года». Они молоды, полны сил и энергии. В их планах – увеличение огородных площадей, выкуп в собственность дополнительных земель для выращивания пшеницы и приобретение новой современной техники. Верится, что с таким напором они будут удивлять нас год за годом еще большими урожаями, радуя к тому же и горожан дешевой и качественной продукцией сельского производства.

**Наталия Шевченко**

*ДІН ЖӘНЕ БІЗ*

## Таухит туралы уағыз

Алла тағаланың Құран кәрімнің әр сүресі иманға, таухидке шақырады. Күпірлік келтіруге, Алла тағалаға серік қосуға тиым салады. Алла тағаланың бірлігіне Хақтығына иман келтіріп, жақсы сауапты амал істеуші мұсылмандарға жанат нығыметтерін уәде етті. Иман мен таухид исламдағы барша жақсы амалдардың басы және анасы болып саналады. Таухид дегеніміз Алла тағала бір деп білу, істелетін барлық құлшылықты тек қана Аллаға бағыштау. Таухид иманның және құлшылықтын асылы. Ол Алла тағала тарапынан бұрындары жіберілген діндердің барлығының жолы Ислам дініне негіз болғанын аңғартады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (ғ.с.) өзі де адамдарды таухидке шақырады, яғни Алланы бір деп білуге насихаттады. Бұл турасында Алла тағала Құран кәрімде: Сенен бұрынғы пайғамбарлардың бәріне де: Маған сиыныңдар, менен басқа тәңір жақ, -деп аян бердік – деді. Ал иман мен таухидті білмеген және бұл екеуімен амал қылмаған адам ешқашан сауапты іс, ғамал істей алмайды. Себебі күпірлік пен Алла тағалаға серік қосу – барша жаман істің бастауы мен анасы болып саналады. Алла тағала күпірлік пен серік қосушыны жарылқамайды. Құран кәрімде: Алланың кешірмейтін күнәсі - өзіне басқа бірденені теңдестіріп, (әлденелерді) тәңір тұту. Одан басқа күнәларды: егер ықыласы ауса; кешіреді, Демек, кімде –кім Аллаға әлде нені теңестіреді екен – ол зор күнәкәр- деді. Бір Алладан басқа тәңір жоқтығына дәлел құрани Кәрімде айтылған: Мұхаммед (ғ.с.) Сен айт: Алла- жалғыз, -де. Алла – мәңгілік. Ол тумаған да туылмаған. Оған ешбір теңдес жоқ,-де. Бұл Ықылас сүресі Құранның үштен бір бөлігін қамтиды. Алланың тура жолынан адасып таухидті білмей шатасып жүрген «Алла екеу немесе Алланың баласы бар немесе алла да анадан туған»,-деп шатасып, адасып азып, жала жауып жүрушілердің сөздерінің, діндерінің жалған екеніне бірден бір дәлел осы «Ықылас» сүресі емес пе?!

Ислам діні бірлік –таухид үстінде құрылған, бір Алладан басқа Алла жоқ. Тек қана бір Аллаға сиынамыз және Одан жәрдем тілейміз. Исламнан бұрынғы арабтардың жаһилият кезінде бұттарға сиынып, олардан көмек сұрап шатасқанындай, кәзір біздің заманда да адасып, Алланың жаратқандарынан көмек, жәрдем немесе денсаулығына шипа сұрап жүрушілер де көптен кездеседі. Бұлай істеуге ислам қатты тиым салады. Абай Құнанбай былай деген: Жаратушы тұрғанда, жаратылғаннан не пайда.

**Құрметті мұсылман бауырлар!**

Құран Алланың сөзі ешуақытта өзгермес. Олай болса алла серік қосудан сақтанайық, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) көрсетіп кеткен тура жолмен жүрейік, егеменді ел халқының бірлігі артып, жастарымыздың болашағын ойлап, оларға тура жол көрсете білейік, ардақты мұсылман бауырлар. Әмин!

**Қ.Құмар,**
**Нұра ауданының**
**имамы.**

*Нұра ауданының 80 жылдығына*

## Жақсының аты өлмейді

**Балтабай Балабиев – Нұра өңірінің тумасы, көп жылдар аудандағы ауыл шаруашылық саласында жемісті еңбек еткен, еңбек және тыл ардагері Ленин, Еңбек қызыл Ту, ІІ-ші дәрежелі Отан соғысы, Құрмет белгісі Ордендерінің иегері.**

Балтекең өз өмірінің жігіт шағынан осы кезіне дейінгі әр жыл сынынан өсте сүріне өткен абзал азаматтардың бірі. Ол отыздың ішінен берменақ ел ағасы болды

Балтекең Қара Нұраның тел тумасы. Ол жиырмасыншы жылдары кезінің өзінде ауыл шаруашылығын коллективтендіруге молынан үлес қосқан. 1923 жылы өзінің «Кекезек» ауылын мойын-серік құрылған кезде еңбек жолын есепші болып бастаған екен. Көп ұзамай совет жұмысына ауысады. Әуелі ауылдық Советтің хатшысы, кейін төрағасы болып жемісті қызмет етьеді. Сонда-ақ алғыр жас көзге кебірек түседі.

Отан соғысы жылдарында, әсіресе 1944 жылдың жазында аудан да, оның адамадары да жақындай түскен жеңіс лебімен желпініп, жігерін шыңдаумен шырқау биікке көтеріле түскен кезітін. Аудандық партия комитетінің сол тұстағы бірінші секретары Жәми Ахметов Балтекеңмен бірге ел аралайтын.

Со кезде Нұрада астық, мал өнімдерін, басқа да шикі заттар дайындау жоспары еселей асырылып орындалып тұрады. Балтекеңдер ат үстінен түспейтін. Мұның алдында ол дайындау халық Комисариатының Нұра ауданы бойынша екілі болатын. Осының алдында ол Құрмет белгісі орденімен нарадтталса, тап сол жылы екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталған. Балтекең бұл қызметін де 15 жыл бойы жемісті атқарды.

Әйгілі комбайнер , механизатор болған, Социалистік Еңбек Ері атағын алған Нүркен Айтуғанов та осы Балтекеңнің шәкірті болатын. . Тың игеруден бұрынғы шағын шаруашылықты Балтекең ең озық та іргелі колхозға айналдырған еді. Ол кезде 22 мың гектарлық дәнді дақылдар көлемінен 16 центнерден жаппай өнім айналды. Міне, осы жылы ол омырауына Ленин орденін қадады.

1964 жылы ол аудан басшылығының ұйғаруымен жапан түзден қазығын өзі қолымен қаққан «Балықтыкөл» қой совхозының директоры болып істеді. Бірер жылда оның қажырлы қареketi, ұйымдастырушылық қабілеттілігі арқасында совхоз қаз басып қоймай, қой шаруашылығын барынша өркендету жолына емін еркін түсіп те алды. Орталық керкейіп те, келемденіп те кетті. Адамдарды Балтекең жан-жақтан өзі жинастырды, ең арғысы жас мамандарды өзі іріктеп тәрбиелей берді. Сол тұста біз Балықты, Баятар келдері бойындағы отарларда бола жүріп, таң рауанда-ақ Балтекеңнің келе қалатынын, кейде қойшыларды өзі оятатынын сан көрдік. Сондай әрекеттерімен еңбек тәртібін нығайтты. Ең арғысы Теміртауға күзде өттік 15 мың қой алғаш рет 1963 жылдың 30 қыркүйегінде айдалады. Сол күні үш күн ұдайы боран соғады. Талай шаруашылықта ірі қараның өзі көп шығынданғантын. Балтекең өзі бас болып қаншама қойды апаттан аман сақтау амалын жасап бағады. Осы жайында сол кезде облыстық газет бетінде «Директор» атты үлкен очерк жарияланған еді Міне, енді іскер де, беделді директор осындайлық қыруар еңбек сіңіргені үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Сол кезде оның тәрбиесінде болған жастар кейін өзіндей беделді де білгір директорлар, жауапты қызметкер болып шықты. Олар : Қорабай Досжанов, Жаңабай Ақмағамбетов, Гайнолла Нұрпазылов, Смақ Мұқанов, Қуаныш Жұмабеков, Ермекбай Әмірхановтар болатын. Бұлар оның бүгінгі ерең түлектері, белді де беделді азаматтар. Осының өзі қалай ел ағасының еңбегінің белгісі емес пе?

Әр қайсысы жайында жазуға тұрарлық адамдар бәрі де. Солардың ішінде бізге оқшау көрінетіні осы Балтекең. Оның қанша жыл өтсе де әлі де қадірін жоймас қастерлі, ел ағасы қалпында қалатыдығы өзіне деген құрмет сезімін күшейте түседі.

Иә, жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді деген осындай асыл азаматтардың еліне сіңірген еңбегінен шыққан сөз болар.

## Біздің мақтанышымыз

Кебетей ауылына ерен еңбектері сіңген үлкен ағаларымызды еске алатын болсақ:

**Айтуғанов Нүркен** 1916 жылы Нұра ауданында туған. Совет Одағы кезінде белгілі механизатор болған. 1958 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алып «Алтын Жұлдыз» медалімен *марапатталған*. Еңбек жолын 1934 жылы Калинин атындағы колхозда (Нұра ауданының Черниговка селосында) бастады. 1942-46 жылдары Совет Армиясы қатарында болып ұлы Отан соғысына қатысқан. 1954-80 жылдары Чернигов селолық Советінің төрағасы, осы кеншардың жұмысшысы. Тың және тыңайған жерлерді игеруде, бітік егін өсіріп үздік еңбек табыстарына жетті. Алтын Жұлдыздан басқа да медалдары бар. Бұл кісі туралы «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясында мәлімет берілген.

**Бекішев Қайролла Бекішұлы** 1943 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Көбетей ауылында туды. 1960 жылы Көбетейде Калинин орта мектебін бітірді. Сол жылы Қарағанды мұғалімдік институтына түсіп оны 1965 жылы бітірді. 1965-66 жылдары Нұра ауданының Семеновка мектебінде оқу бөлімінің меңгерушісі, ал 1966-69 жылдарында Балықтыкөл орта мектебінде директор болып істеді. 1969-75 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде аға оқытушы, 1975-79 жылдары Москва мемлекеттік университетінің аспиранты. 1979 жылы ғылыми диссертация қорғап келіп Қарағанды мемлекеттік университетінің биология факультетінің деканы болып сайланды. 1994-98 жылдары осы университеттің ректор орынбасары қызметін атқарды. 1998 жылдан бері биология – география факультетінің деканы. 1996 жылы Қазақстан Республикасы экология ғылым академиясының академигі. 50-ден астам оқулықтар мен ғылыми еңбектерінің авторы.

Ауылымыздың бірден бір мәдени ошағы мектеп болып саналады. Калинин атындағы мектепте ұстаздық еткен мұғалімдерімізді еске ала кетуді жөн кердім. Олар: Асубаев Рахым Сыздықұлы (1915-1988) дүниеге келген. 1936 жылы Петропавловск қаласында орналасқан педагогикалық техникумды бітіріп, 1936-1939 жылдар аралығында Қарағанды облысы Нұра ауданында Киевка кентінде орта мектептің мұғалімі болып қызмет атқарады. 1939 жылдан бастап Ұлы Отан соғысына дейін Нұра ауданындағы Көбетей ауылында мектеп директоры болып жұмыс істейді. 1942 жылы Отан алдындағы борышын атқаруға кетеді. Ұлы Отан соғысына қатысып, 1945 жылы Кебетей ауылына аман есен оралып орта мектеп директоры қызметін жалғастыра береді. 1954 жылы Қарағанды қаласындағы Қазақ мемлекеттік мұғалімдер институтын бітіріп шығады. Білім беру қызметін атқару барысында Рахаң Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің мақтау қағазымен «Ұлы Отан соғысының бірінші дәрежелі», «ІІІ- дәрежелі Даңқы» ордендерімен және «Еңбек үздігі», «Ерлік үшін», «Үздік еңбегі үшін», «Германияны жеңген үшін» медалдарымен марапатталды. 1994 жылдан бастап Көбетей ауылындағы мектепке осы кісінің есімі берілді.

**Жүпенов Есім Жүпенұлы** 1926 жылы Нұра ауданы Захаров ауылында туған. Талапты оқығандығының нәтижесінде бұл кісі 8-сыныптан кейін аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі бұйрығымен 5-7 сыныптарға физика мен математика пәнінің оқытушысы болып бекітілген. 1944 жылы әскерге шақырылып, озат атушы снайперлер дайындау мектебіне қабылданады. Қызметін атқарып жүрген әскери бөлімі әрекетті әскерлер қатарына кіргізілген екен. 1950 жылы еліне оралып, 1951 жылы Қарағанды мұғалімдік институтының физика-математикалық факультетіне түседі, 1956 жылы бітіреді. Оқу кезінде Қарағанды қалалық кеңесінің депутаты, институттың кәсіподақ ұйымының терағасы болып сайланған. 1957-86 жылдары Кебетей ауылының мектебінде мұғалім, оқу бөлімінің меңгерушісі, директоры да болды. Соғыс және еңбек ардагері, бірнеше медальдармен марапатталынған. Жұбайы Зүбән Қасымқызы, мамандығы физика пәнінің мұғалімі, қазір зейнеткер. 1970 жылы бұл кісілер В.И.Лениннің 100 жылдығына байланысты мерекелік медалімен марапатталған.

**Махмет Теміұлы Нұра өңірінің** тумасы. 1923 жылы шаруа отбасында дүниеге келген. 1945 жылы Қарағанды педагогика институтын бітірді. 1956 жылы Мақаң Республикалық шет тілдер институтын тәмамдап, өз еліндегі Нұра ауданы Көбетей ауылында шәкірттерге ағылшын неміс тілдерінен дәріс береді. Қазіргі кезде Мақан облысымызға ғана емес, республикамызға да танымал ақын, жазушы. Ол «қилы кезеңдер», «Арман мен азап», «Қуан қазақ азаттық алғаныңа» деген кітаптардың авторы. Көптеген өлеңдері, аңыз-толғау мысалдары, поэмалар, дастандарына дейін, әр жылдарда аудандық, облыстық газеттерде, Қазақстан жазушыларының әдеби-көркем, қоғамдық-саяси, аймақтық «Сарыарқа» журналында жарияланады. 2007 жылдан Қазақстан жазушылар одағының мүшесі атағын алды.

**Исабек Тұяқ Көпейұлы** қазіргі кезде Қарағанды экономика университетінің академигі. 100-ден астам ғылыми еңбектері бар. 1996 жылы білім саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісімен құрметтелінді. 2002 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына байланысты Білім және Ғылым Министрінің грамотасымен марапатталды.

**Балмагамбетов Төлеу** – Қарағанды мемлекеттік кафедрасында профессор. 40 –тан астам ғылыми еңбектері бар. «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясы авторларының бірі.

Омаров Қылыш Бейсенұлы – КарМУ-дың химия факультетінің ғылым кандидаты.

**Асубаев Асқар Рахымұлы** 1939 жылы тамыздың 1-жұлдызында Қарағанды облысында Киевка кентінде дүниеге келген. 1960 жылы Жамбыл облысындағы Красногор ауыл шаруашылығын механизациялау техникумын бітірген. 1968 жылы Мәскеу қаласындағы мемлекеттік дене шынықтыру институтын аяқтап, 1968-1978 жылдар аралығында Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік дене шынықтыру институтында оқытушы болып қызмет атқарады. 1979-1986 жылдары «Буревестник» Республикалық балалар спорт ұйымы терағасының орынбасары. 1986-91 жылдары Алматы қаласындағы Қазақ дене шынықтыру институтында оқытушы, доцент қызметін атқарады. 1991-2001 жылы Алматы қаласындағы Республикалық жоғарғы спорт шебері мектебінің директоры. 2003 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Астана қаласындағы олимпиада резервінің балалар-жасеспірімдер спорттық мектебінің директоры, профессор және Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы атақтарына ие.

**Жанмұхамбет ЖАКЕНОВ,**
**зейнеткер.**

## Наш край в годы Великой Отечественной войны

С первых же дней Великой Отечественной войны развернулась гигантская работа по перестройке всей жизни страны на военный лад. В этом плане одним из важных тыловых районов Советского Союза был Казахстан, при¬нявший около 150 эвакуированных предприятий.

